

Аты-жөні:

Митоз – бір бастапқы жасушадан 2 жас жасуша түзілетін және олардағы хромосома жиынтығы өзгермейтін жасушалардың бөліну әдісі. Тағы да мынадай анықтама қолданылады: [] хромосома жиынтығы сақталатын бөліну әдісі» немесе «Жас жасушалар бастапқы жасушаны дәл «көшіреді». Митоз есебінен көпжасушалы ағзалар өседі және қалпына келеді. Бидай өскіндерінің, адам терісінің және кесірткенің өсетін құйрық жасушалары митоз арқылы бөлінеді. Сондықтан **митозды – сомалық (дене) жасушалардың** [] **әдісі** деп айтуға болады. Біржасушалы эукариоттар үшін митоз – негізгі көбею әдісі. [] арқылы көптеген біржасушалы балдырлар, қарапайым жануарлар көбейеді.

Митоз фазалары. Кез келген күрделі үдеріс сияқты митоз лезде жүрмейді (49-сурет). Жасуша бірқатар жүйелі фазаларда өтеді. Соның нәтижесінде еншілес жасушаның әрқайсысы бастапқы жасушада қандай болса, дәл сондай хромосомалар жиынтығын алады. Митоздың [] бар: профаза, метафаза, анафаза, телофаза (50-сурет).